

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ШЕТ ТІЛІН ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚИТУ**Тұяқбай Гүлмира Нұржанқызы**gulmira.tuyakbay@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Филология факультеті,
«Шет тілі: Екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Дарменова А. Е.

Заманауи әлемде тез тіл табыса білетін, кез келген нәрсеге жылдам бейімделе алатын және жаңа байланыстарды жеңіл әрі еркін орната алатын адамдар табысқа бірден қол жеткізе алады. Мәдениетаралық байланысты орната алуға қабілетті адамдардың ерекше мәнге әрі құндылыққа ие екендігі де талас тудырмайды. Бұл өз алдына ХХІ ғасырдың қалыптасуына түрткі болатын ең басты талаптардың бірі – кез келген мәдениет өкілімен сәтті байланыс орната алуға қабілетті жылдам бейімделетін тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Осы аспектіде шет тілін меңгерудің маңыздылығын асыра бағалау қиындыққа әкеп соғады. Дегенмен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Заманауи педагогика аталмыш мәселені шешуде оқытудың жеке тұлғаға бағдарланған тәсілін ұсынады. Аталған мәселені шешуде осы тәсілді пайдалану білім алушының тұлға ретінде дамуында да, сонымен қатар шет тілді білу үшін қажетті барлық құзыреттердің игерілуінде де маңызды рөл атқарады. Аталмыш тәсілдің жетістігі – білім алушы үшін жеке тұлға ретінде шет тілін үйренудің маңызды процесс болып есептелуінде. Білім алушы тілді үйренуге өзі қызығушылық білдіреді, яғни сабақ үстінде де, мектеп қабырғысынан тыс уақытта да белсенді жұмыс жасауға өзін-өзі дағдыландырады. Осы мәселені қарастыруда, зерттеуде Е.В. Бондаревская, А.Г. Кузнецова, И.С. Якиманская, В.В. Сериков сынды көптеген көрнекті ғалымдар көп еңбек сіңірді.

И.С. Якиманскаяның анықтамасы бойынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту тәсілі «қоғам мен білім берудің нормаға, мақсатқа сай қызметі мен жеке тұлғаның өзіне ғана маңызды болып табылатын қызметтердің үйлесімділігін» білдіреді[1]. Мектептегі тәжірибе көрсетіп жатқандай, білім ордасында шынайы оқыту үдерісінің көптеген келіспейтін тұстары бар. Заманауи бағдарлама негізінде шет тілін оқытудың негізгі мақсаты шынайы жағдайларда қарым-қатынасқа еркін түсуді жүзеге асыру үшін мүмкіндік беретін коммуникативтік машықтарды дамыту болып табылады. Бірақ ақиқат өмірде мектеп оқушыларында шет тілінде қарым-қатынасқа түсу кезіндегі шынайы қажеттілікке негізделген өзіндік мотивация жоқтың қасы. Олар шынайы өмірде өзге тілде сөйлеу тәжірибесін дамыту мүмкіндігіне ие емес. Сәйкесінше олар қажеттілікті де сезінбейді, шет тілді үйренудің қаншалықты қажет екендігі жөнінде ойланбайды және шет тілінде сөйлесуге мүлдем тырыспайды. Ал жеке тұлғаға бағдарланған оқыту тәсіліне келетін болсақ, заманауи педагогикадағы оның танымалдылығы іс жүзінде пайдалануға еш әсер етпеуде. Себебі бұл тәсілдің ерекшелігі – педагог пен білім алушының серіктес деңгейінде қарым-қатынас жасауында, білім алушының қызығушылықтары мен тілектерін есепке алуда. Әрине, мұндай тәсіл мемлекеттік бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуші білім берудің өктемшіл стилімен мүлдем жанаспайды. Дегенмен оқу процесі кезінде осы тәсілді қолдана отырып, біршама жетістіктерге жетуге болатынын ескеруіміз қажет.

Сонымен қатар жеке тұлғаға бағдарланған оқыту тәсілін тиімді пайдалану мақсатында педагог оның әдістері мен технологияларына сенімді түрде сүйенуі қажет. Бұл өз алдына үлкен қиындықтарды тудырады. Себебі аталмыш бағыттың өзінің астарында көзқарастар пен пікірлер біркелкі емес. Айтылған тәсілдің әлеуеті тым жоғары болғанымен, мұның бәрі айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде қиындықтарды тудырады.

Жоғарыда тілге тиек болған аспектілер және өзге де қарама-қайшылықтар аталмыш мәселенің маңыздылығын одан сайын қуаттай түседі және «Шет тілін оқытудағы жеке тұлғаға бағдарланған оқыту тәсілі» тақырыбын өзектендіре түседі. Тұлғаға бағытталған тәсіл

шет тілін оқыту тәжірибесіне біртіндеп еніп келеді. Өйткені Елбасының талабы бойынша "үш тілде еркін сөйлей алатын" ұрпақ тәрбиелеу-қазіргі оқу процесінің басты мақсаттарының бірі болып тұр. Әлбетте бұл үшін жеке тұлғаға бағыттап оқыту тәсілін қолдану қажеттілігі туындайды. Ол мұғалімді оқытудағы шығармашылық тәсіл, интерактивтік, проблемалық және жобалық тапсырмаларды пайдалану мүмкіндігімен қызықтырады. Аталмыш тәсіл оқушы үшін де қызықты, өйткені ол мұғаліммен ынтымақтасуға, сабақты бірге жасауға, олар өздері таңдап алған оқу материалдары мен талқылауға арналған тақырыптарды пайдалануға, игеру түріне жауапкершілік алуға, ал бастысы, түпкілікті нәтижеге – осы сабақта немесе сабақтар сериясында нақты неге үйренгеніне, меңгеріп отырған шет тілін іс жүзінде пайдалана отырып, жаңа дағдылары мен машықтарын өмірде қайда және қалай пайдалана алатындығына жауапкершілік артады.

Тұлғаға бағытталған тәсіл тұрғысынан шет тілін оқытуға арналған оқу материалдарының жиынтығы жеке дара және пайдалануға міндетті деп қарастырылмауы тиіс. Өз оқушыларының жеке ерекшеліктері мен сұраныстарын жақсы зерттеген мұғалім оқу үдерісіне барлық оқушыларды біріктіре алатын қажетті жаттығулар жинағын жасай алады. Бұл оқулықтың материалы сабақтың мақсаттарын іске асыруға қажетті шамада ғана пайдаланылғанын болжайды, яғни оқулықты ойсыз, жауапсыз «өтуді» жоққа шығарады.

Оқушылар арасындағы айырмашылықтарды ескеру қажеттігі мектеп мұғалімі оқу үдерісі барысында шешуі тиіс проблемаларды айқындайды. Бұл проблемалар әртүрлі және мыналарға қатысты болуы мүмкін [2]:

- оқытудың мазмұны (талқылауға арналған тақырыптар мен проблемаларды қалай іріктеуге болады, сөйлеу жағдаяттарлы және оқушыларға арналған рөлдер, сынып оқушыларының қызығушылығын туғызатын, оқуға және есту арқылы қабылдауға арналған мәтіндер);

- жұмыс әдістері және тәсілдері (қызмет түрлерін, оқушылардың қызығушылығын туғызатын және бір оқушы үшін өте оңай және басқалары үшін өте қиын болып шықпайтын жаттығуларды қалай таңдауға болады);

- мектеп оқушыларының жұмысын басқаруды ұйымдастыру (әрбір оқушының деңгейін қалай бағалау, дайындалған және өздеріне сенімді оқушыларды ғана емес, барлық оқушыларды жұмысқа қалай қатыстыру).

Аталған проблемаларды шет тілін оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсіл шеңберінде шешу жоспарлауға, сондай-ақ оқу үдерісінде жоспарды іске асыруға байланысты.

Нақты оқушыларға бағытталған сабақ жоспарлары мектеп оқушыларының сұраныстарын талдауға негізделеді. Сыныптағы нақты оқушылардың мүмкіндіктері мен сұраныстары сабақтардың мақсаты қалай тұжырымдалатындығын, мәтін мен жаттығуларды, сондай-ақ оқушының үлгерімін және деңгейін тиімді бағалауға мүмкіндік беретін бақылау тәсілдері мен түрлерін қоса алғанда, жұмыстың мазмұны, әдістері мен тәсілдері қалай іріктелетіндігін және бөлінетіндігін, сабақта оқушылардың өзара қарым-қатынасы қалай ұйымдастырылатындығын айқындайды. Бірқатар заманауи зерттеушілердің пікірінше, оқушылар оқу үдерісін жоспарлау кезеңінде оқыту мазмұны мен әдістеріне қатысты шешім қабылдау үдерісіне қатыстырылуы тиіс. Бұл мұғалімге сабақ уақытын барынша тиімді пайдалануға, оқушыларды өздері маңызды, әрі қажетті деп қабылдайтын нәрсеге үйретуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламасымен шектелген мұғалім қандай да бір тақырыптың, мәтіндердің, проблемалардың, жағдаяттардың, рөлдердің, жаттығулардың қандай да бір аспектісін таңдауға мүмкіндік бере алады. Кез келген оқыту курсы немесе оқу үдерісінің кесіндісін жоспарлаудағы маңызды проблема оқыту мақсаттарын қою болып табылады. Осы проблеманың бірнеше аспектісі бар. Олардың бірі «Мектеп оқушылары оларға ұсынылған жұмыспен қаншалықты шұғылданып отыр және мақсатқа қол жеткізуге қаншалықты дайын?» деген сұраққа тіреледі. Мұғалім оқушылардың басым көпшілігінің қызығушылығын туғызатын мақсатты алға қоюы керек. Бұл тұрғыда оқушылар талқылау барысында өздері басымдықтарды айқындайтын, қызмет мақсаттарын нақтылайтын жағдай мінсіз болып табылады. Мақсаттарды мақұлдап, оларды қабылдағасын,

мектеп оқушылары оларды іске асыру жауапкершілігін бір бөлігін өздеріне алады. Шет тілін меңгеру үдерісі мақсатқа біртіндеп, саналы жету үдерісі болады. Оқушылар неге қол жеткізетіндігі туралы нақты түсінік алады, өзінің оқу үдерісіндегі маңызды рөлін түсінеді және сәйкес өзін-өзі бағалауға жетуге болады.

Мысалға мынадай сабақ мақсаттарын жасадық делік:

- өзінің оқу күні туралы әңгімелей отырып, үйренген лексикасын пайдалану ;
- оқуға арналған мәтіннен мұғалімнің тапсырмасы бойынша фактілерді табу;
- сүйікті үй жануары туралы монолог сөз сөйлеу;
- should /shouldn't етістіктерін пайдалана отырып, кеңес беру.

Келтірілген мысалдарда көрсетілгендей, мақсатты тұжырымдау оқушыдан сабақтың аяғында күтілетін сөйлеу өнімін көрсетуді қамтиды. Жоғарыда сабақтың мақсатын мұғалім ғана жақсы түсініп қоймай, оқушылар үшін де түсінікті болуы тиіс екендігін атап өтті. Сондықтан, оқушыларға осы сабақтың мақсатын хабарлау арқылы мұғалім оқытылған әңгіме тақырыбын нақты, әрі тартымды етіп тұжырымдай алады. Мысалы:

1. Хаттарда және жеке кездесу кезінде шетелдік құрдастарыңыз сіздің қалай өмір сүретіндігіңіз жайлы әңгімелеуді сұрайды. Бүгін сіздер осы сұраққа жауап беруді үйренесіздер. Жаңа сөздер бұған көмектеседі.

2. Танымал спортшы туралы мәтінді оқып, сіз оның табысқа қол жетуіне мүмкіндік берген қасиеттерін тауып, санамалап айтып бере аласыз

3. Сіз үй жануары туралы әңгімелеуді үйренесіз, сіз оны неліктен ең жақсы деп санайтындығыңызды анық айта аласыз.

4. Қазақстанға алғаш келген шетелдік қолайсыз жағдайға түспес үшін елімізде не істеу және не істемеу керектігі туралы кеңес сұрайды. Сіздер бүгін мұндай кеңес беруді үйренесіз.

Бақылау көрсеткендей, әрбір сабаққа нақты, әрі іс жүзінде қол жеткізілетін мақсаттарды қою әдеті мұғалімнің оқу материалдары мен жаттығуларды дұрыс таңдауға көмектесетіндігін, оқулық материалдары мен бағдарламада талап етілген, оқушылардың әрқайсысының біліктілігін табысты дамытуға қажетті өзге де оқу материалдарын тепе-тең ұстауға қол жеткізетіндігін көрсетті. Бұл сөйлеу дағдылары мен машықтарын, сондай-ақ қажетті оқу стратегияларын игеру деңгейін бақылауды және бағалауды жеңілдетеді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру және сақтау үшін, мектеп оқушылары үшін тұлғалық маңызды болатын және оларға қызықты мәселелердің жауабын табуға көмектесетін мәтіндер мен тапсырмаларды ұсыну мақсатқа сай English in Mind Students book 2 for Kazakhstan Grade 9, second edition оқулығында осы проблема қалай шешілгенін мысалға келтірейік.

Investigate India. Choose "a" or "b". During the next week see if you can find some answers. Tell the class what you discover. "A"-questions: What questions do you have about India? What would you like to find out? Brainstorm some questions. "B": People, places and dates. These people, places and dates are important in recent Indian history. Find out why. Mohandas Gandhi, Indira Gandhi, Rajiv Gandhi, Pakistan, Bhopal, December 1984, Amritsar.[3]

Оқушылардың қалауын, сондай-ақ «миға шабуыл» барысында туындауы мүмкін сұрақтарды ескере отырып, мұғалім тақырыптың мазмұнын аздап өзгертуге тура келуі ықтимал. Тақырыптың қандай да бір аспектілері сұраныссыз болуы мүмкін, кейбіреулері, керісінше, жан-жақты зерделеуді талап етеді. Нәтижесінде оқыту үдерісі оқушыға қызықты сұрақтардың жауаптарын іздеу үдерісіне айналады және бұл оқушылардың жеке шығармашылық әлеуетін іске асыруға және олардың шет тілін үйрену уәждемесін арттыруға жағдай жасайды. Олардың нені және қалай үйренгісі келетіні туралы шешім қабылдай отырып, мектеп оқушыларды мұғаліммен кеңесе алады. Бірақ оқушының таңдауы мұғалім үшін орынды болып көрінбесе де, дегенмен соңғы шешім құқығы оқушыға қалады. Бұл оқушылардың тұлғалық маңыздылығын сезіндіреді және жауапты шешім қабылдауды үйретеді.

Тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыру әр оқушы сабақтың кез келген сәтінде қызықты тапсырмалардың бірін таңдай отырып, өзінің эмоциялық және зияткерлік әлеуетін барынша іске асыра алады дегенді білдіреді[4]. Мұндай тәсіл мұғалімнен қосымша уақыт және зияткерлік шығындарды талап етеді, өйткені оқушылардың біліктілікті игеру прогресін мұқият қадағалауды, оқулықты бейімдеуді, өзіндік жаттығулар кешенін жасауды болжайды. Алайда мұндай ұмтылыстың нәтижесі оқушылардың шет тілін тиімді меңгеруіне мүмкіндік беретін, барлық оқушылар үшін қолайлы жағдай болады.

Қорыта айтқанда, шет тілі сабағын жеке тұлғаға бағыттап оқыту-оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден-бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, оқушы қызығушылығының артуына себепкер болады. Оқытуда жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады. Сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар, өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Якиманская, И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе / И.С. Якиманская. - М.: Просвещение, 1996. – 244 бет.
2. Кузнецова А.Г. Личностно-ориентированный подход в образовании: методический комплект / А.Г. Кузнецова. - Хабаровск: ХК ИППК ПК, 2002. - 216 бет.
3. English in Mind Students book 2 for Kazakhstan Grade 9, second edition. 32 бет
4. Жұмабаев М. «Педагогика». 110-115 бет.

ӘОЖ 81'243:366.636

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМгерлердің МӘДЕНИАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Хайдаров Мейірбек Тұяқбаевич

qaldibek@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы және тәжірибесі
кафедрасының 4-курс студенті Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент Досжан Гүлжан Амангелдіқызы

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістер қоғамның барлық салаларына, соның ішінде, білім беру саласына айрықша әсерін тигізуде. Біздің елімізде 2030 жылға дейін стратегиялық даму бағдарламасы құрылып, жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаның негізінде елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың үштұғырлы тілдік саясаты мемлекет көлемінде орындалып, білім мен ғылымдағы мемлекеттік бағдарламалар күн тәртібінде басты орынға қойылып, сәтімен іске асырылып келеді. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты-білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, қазіргі жылдам өзгеріп отырған дүние жағдайларында алған терең білімін, қажетті дағдыларын тиімді түрде жүзеге асыратын және еркін бағалайтын, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға дайын қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз», -деп атап көрсетті[1]. Шет тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту – президентіміздің үштұғырлы саясатының толықтай жүзеге асуы мен еліміздегі тіларалық байланыстардың, өзара қарым- қатынастардың нығаюы үшін өзекті де